


йдана







Трапециянын ауданы  
табандарының ЖАРЫМ  
КОСЫНДЫСЫМЕН БИІКТІГІНІҢ  
көбитіндісіне тең



# Үй тапсырмасын тексеру

- Қазақстанның қорыққа айналған қандай жерлерін білесіңдер?
- Қанша қорық бар?
- Қазақстанның қорыққа айналған жерлерін жақсартуда қандай жұмыстардың жүргізілгені дұрыс деп ойлайсыңдар?



# Әңгімелесу

- Табиғаттың қандай мәселелері қазіргі кезде барша адамзатты толғандырып отыр?
- Табиғат-Ананың көріктеніп, сұлулығының артуы неде деп ойлайсындар?
- Сендер Табиғат-Ананың көріктеніп түсуіне өз үлестеріңді қалай қосар едіңдер?





## Мәтінмен жұмыс

### Табиғат-Ана

А.Мырзағұлова

Табиғат-Ананың Жер, Су, Ағаш, Ауа деген ұлдары болыпты. Олар өте ақылды мейірімді екен. Табиғат-Ана бір күні ұлдарын шақырып алып:

-Адамдарға үлкен қызмет еткенүлыме үлкен сый тартамын,- деп уәде береді. Сонда ұлдары анасының айтқанына қуана келісіп, адамдарға жақсылық жасауға келіседі. Ұлдары жап-жаққа кетіп адамдарға игілікті іс жасайды. Күндердің күнінде ұлдары еліне қайтып оралғанда аналарының бұрынғыдан бетер көріктене түскеніне риза болған ұлдары:

- Апатай, сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде?-дегенде Табиғат-Ана:

- Аяулы ұлдарым менің, мұның сыры сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарыңда,- деп жауап береді. Содан бері Жер, Су, Ағаш, Ауа аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін адамдарға адал қызмет етіп келеді екен.



# Ой бөлісейік


- “Табиғат - өмір мәні”
- “Табиғат - өмір сәні” – дегенді қалай түсінесіңдер?
- Табиғат-Ананың көріктене түсуіне тағы нелер себеп болады деп ойлайсыңдар?





Θριψαγορίμ

ΘΡΙΨΑΓΟΡΙΜ-ΘΡΙΨΑΓΟΡΙΜ





# Дәйек сөзбен жұмыс



"Біз ата-бабамыздан табиғатты шұраға, ал болашақ ұрпақтан қарызға алдық"



# *Жұмбақтар*

1


3

2

4







*Қар кетіп, қыр көгерді,  
Құс қиқуы көбейді.  
Жерге дән сеуіп,  
Қорадан жас өрді.*



A large, mature tree with a thick trunk and a dense canopy of bright yellow and orange autumn leaves dominates the foreground. The background shows a forest of thinner trees with similar foliage, creating a sense of depth. The ground is covered in fallen leaves, and the overall atmosphere is warm and serene.

*Дала тегіс сарғайды,  
Шаруа қысқа қамданды.  
Күн қысқара бастады,  
Тауға тұңғыш қар жауды.*





*Күн ысып, су жылынып,  
Егін басын тұр иіп.*

*Жеміс тердік бақшадан,  
Жеңімізді түрініп.*



A photograph of a winter landscape. The ground is covered in a thick layer of snow. In the foreground, there are several young trees with snow-laden branches. A wooden pallet is leaning against one of the trees. In the background, there is a building with a red facade and a white roof, partially obscured by snow-covered trees. The sky is overcast and grey.

Сұлық жатыр ақ дала,  
Сирек жортқан аң ғана.  
Көтеріп бір аяғын,  
Қаздарым тұр аулада.



Сєргіту сәті



Алғаш, Су, Жер, От тәрбиесі





# Дәптермен жұмыс

Ыстық болса көленке,  
Жемісі шырын тағы бар.  
Ауылда әрбір береке,  
Күтетін баптап тағы бар.  
Барма сол сенің ауылыңда,  
Жайқалған жебек, саябақ?  
Көрдің бе сен бағыңды,  
Қамқор болып аялап?  
Жүрсің бе егіп жылда сен,  
Қолыңнан кзін бірер тал?  
Өйтпесең балам тыңда сен  
Ақыл-сөзге құлақ сал:  
Отырғыз ағаш көктемде,  
Жөн болар еңбек еткенің  
Келмесе шамаң еккенге,  
Сындырма жұрттың еккенің.







# Қоры тынд ылау

*Туған елдің ұлымын*

*А.Сәрсеков*

*Аспанымдай мөлдірмін,  
Жайлауымдай жазықпын.*

*Өзенімдей өршілмін,  
Гүлдерімдей нәзікпін.*

*Қуат алған өзеннен,  
Туған елдің ұлымын.  
Бақытты етіп өсірген  
Отанымның гүлімін.*

*Табиғат жерге қандай көрік берсе, адам өмірге сондай көрік береді. Сондай көрік пен сұлулықтан, жылылықтан тұратын табиғаттағы өсімдіктер мен суларды, жан-жануарлармен құстарды сақтау, қасиетті жерімізді таза ұстау, аялау – біздің адами борышымыз.*







# Жүректен жүрекке

